

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 мамырдағы N 664 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 9 қыркүйек N 1348

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік қордағы астықтың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 мамырдағы N 664 Р990664_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

"1 қыркүйегіне" деген сөздер "31 желтоқсанына" деген сөздермен ауыстырылсын;
"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамымен

(бұдан әрі - Азық-түлік корпорациясы)" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың 3 және 4-абзацтары алынып тасталсын.

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 мамырдағы N 664 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 шілдедегі N 991

Р990991_

қаулысының күші жойылды деп есептелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК